

Маңғыстау облысы бойынша адамдарды сату қылмысымен күрес, оны болдырмау және алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспары туралы

Маңғыстау облысы мәслихатының 2004 жылғы 30 маусымдағы N 6/82 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 2 тамызда N 1731 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысы бойынша адамдарды сату қылмысымен күрес, оны болдырмау және алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы шешім жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық

мәслихаттың хатшысы

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2004 жылғы 30 маусымдағы
N 6 / 82 шешімімен
бекітілген

Маңғыстау облысы бойынша адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№ р/с	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжанып отырған шығыстар (мың.теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1	БАҚ арқылы адамдарды сатуға қарсы күрес шараларын ақпараттық жазып көрсету	Облыс әкімиятына ақпарат	ІСД, ОАБ (келісім бойынша), ПБ (келісім бойынша), ҰҚҚД (келісім бойынша), ЕХЖҚжӘҚБ, ӘД (келісім бойынша), ОББ, КБ (келісім бойынша), Облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия (келісім бойынша), қалалық және аудандық әкімдер	жылына 2 рет	Қаржыландыру талап етілмейді	

2	Қазақстан Республикасының Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенцияға қосылуы жөнінде ұсыныс дайындау	Әділет министрлігіне ұсыныс	ӘД (келісім бойынша), ПБ (келісім бойынша), облыстық прокуратура (келісім бойынша), ҰҚКД (келісім бойынша), КБ (келісім бойынша), ҚПД (келісім бойынша)	2004 жылдың II тоқсаны	Қаржыландыру талап етілмейді
3	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп, адамдарды сатудың құрбандарына көмек көрсету жөнінде дағдарыс орталықтарын құру жөнінде ұсыныстар дайындау	Облыс әкімия-тына ұсыныс	ПБ(келісім бойынша), КДБ (келісім бойынша), ОДСБ, Облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия (келісім бойынша), қалалық және аудандық әкімдер	2004 жылдың III тоқсаны	Қаржыландыру талап етілмейді
4	Шетелдік жұмыс күшін тарту және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан әкету жөнінде нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсыныс	ЕХЖҚжӘҚБ, облыстық прокуратура (келісім бойынша), КДБ (келісім бойынша), ӘД (келісім бойынша), қалалық және аудандық әкімдер	2004 жылдың III тоқсаны	Қаржыландыру талап етілмейді
5	Адамдарды сатуға қарсы күрес саласындағы қызметті жүзеге асыратын ҮЕҰ-ға жәрдемдесу	Облыс әкімия-тына ақпарат	ӘД (келісім бойынша), ІСД, ОАБ (келісім бойынша), ПБ (келісім бойынша) КБ (келісім бойынша) ҚПД (келісім бойынша), КДБ (келісім бойынша) ЕХЖҚжӘҚБ, облыстық прокуратура (келісім бойынша) Облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия (келісім бойынша)	тұрақты	Қаржыландыру талап етілмейді
6	ҚР-ның азаматтарын шетелде жұмысқа орналастыру бойынша заңсыз қызметті жүзеге асыру	Ведомство-аралық жұмыс тобын құру	ҰҚКД (келісім бойынша), Облыстық прокуратура (келісім бойынша) ПБ (келісім бойынша) ҚР ЕЖХӘҚД (келісім	2004 жылдың II тоқсаны	

	шы фирмалар мен компанияларды анықтау жөніндегі құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар өкілдерінен құрылған ведомство аралық жұмыс тобын құру		бойынша) ҚР ҰҚК ШҚ "Батыс" АБ (келісім бойынша) ӘД (келісім бойынша)		Қаржыландыру талап етілмейді	
7	Талдау және жұмысқа орналастыру саласындағы бұзушылықтардың жолын кесуге бағытталған шаралар жасау үшін бірыңғай деректер банкін құру	Облыс әкімия-тына ақпарат	Ведомствоаралық жұмыс тобы	2004 жылдың II тоқсаны	Қаржыландыру талап етілмейді	
8	Елімізден тыс жерлерде ҚР азаматтарын еңбек және жыныстық пайдалану саласында заңсыз фактілері өздеріне белгілі болып отырғандығы туралы мүдделі ведомстволарды хабардар ету туралы облыс халқын шақыра отырып үндеу жасау	БАҚ-қа және облыс әкімия-тына ақпарат	Ведомствоаралық жұмыс тобы, ІСД, ОАБ, Облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия	әр тоқсан сайын	Қаржыландыру талап етілмейді	
9	Заңды тұлғалардың ҚР азаматтарын шетелде заңсыз жұмысқа орналастыруы жөнінде анықталған фактілер туралы ақпараттар жинау және талдау	Облыс әкімия-тына ақпарат	Ведомствоаралық жұмыс тобы	әр апта сайын	Қаржыландыру талап етілмейді	
10	ҚР-ның азаматтарын шетелде жұмысқа орналастыру бойынша қызметті жүзеге асырушы жеке заңды тұлғалардың	Облыс әкімия-тына ақпарат	ӘД, Ведомствоаралық жұмыс тобы	анықталған фактілер бойынша		

	адамдарды пайдалану мақсатында заңсыз әкету және әкелу арналарындағы фактілер құжатпен анықталған жағдайда тиісті шаралар алу				Қаржыландыру т а л а п етілмейді
11	Қазақстан аумағында төлқұжаты мен өзге де жеке басын куәландыратын құжатын жоғалту туралы, соның ішінде ТМД елдеріне кетуші адамдарға да қатысты істерді қарау және іріктеу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру	О б л ы с әкімия-тына ақпарат	ІІБ, ӘД, ҰҚКД	маусым жыл сайын	Қаржыландыру т а л а п етілмейді
12	ҚР-ның мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі бақылауды жандандыру, соның ішінде негізгі күшті адамдарды шетелге заңсыз әкетуге ықпалды көмек көрсетуші тұлғаларға қатысты деректер алуға жұмсау	О б л ы с әкімия-тына ақпарат	ҚР ҰҚК ШҚ "Батыс" АБ (келісім бойынша), ҰҚКД (келісім бойынша), КБ (келісім бойынша)	тұрақты	Қаржыландыру т а л а п етілмейді
13	Әр тоқсан сайын жұмыссыздар қатарындағы жастарды, соның ішінде халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктері үшін бөлінген квота есебінен жұмысқа орналастыру бойынша талдау жүргізу	О б л ы с әкімия-тына ақпарат	ЕХЖҚжӘҚБ, облыстық "Арман" жастар орталығы	әр тоқсан сайын	Қаржыландыру т а л а п етілмейді
14	Адамдарды сатудың құрбандарын әлеуметтік оңалту жөнінде (әлеуметтік, құқықтық, медициналық, психологиялық	О б л ы с әкімия-тына ұсыныс	ЕХЖҚжӘҚБ, ОДСБ, ӘД, ІІБ, Облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия	2005 жылдың ІІ тоқсаны	

	көмек көрсету) ұсыныстар дайындау				Қаржыландыру талап етілмейді
15	Басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын адамдарды сатудың құрбандарын Қазақстан Республикасының аумағына келу бөлігіндегі заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау	Облыс әкімия-тына ұсыныс	ІІБ, ӘД, Облыстық прокуратура	2004 жылдың ІІІ тоқсаны	Қаржыландыру талап етілмейді

Ескерту:

- ОДСБ - Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасы
КДБ - Маңғыстау облысы бойынша көші-қон және демография басқармасы
ҚРЕЖХӘҚД - Маңғыстау облысы бойынша Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті
ЕХЖҚжӘҚБ - Маңғыстау облысы бойынша еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау жөніндегі басқарма
ОАБ - Маңғыстау облыстық ақпарат басқармасы
ІСД - Ішкі саясат Департаменті
ІІБ - Маңғыстау облыстық ішкі істер басқармасы
ӘД - Маңғыстау облысы бойынша әділет Департаменті
ҰҚКД - Ұлттық қауіпсіздік комитеті Департаменті
КБ - Маңғыстау облысы бойынша Кеден басқармасы
ҚПД - Қаржы полициясы Департаменті
ББ - Маңғыстау облысы бойынша білім басқармасы
Қ Р Ұ Қ К Ш Қ
"Батыс" АБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің "Батыс" аймақтық басқармасы